

## Боралдай ауылдық округі Боралдай елді мекені Қ.Бердиев көшесіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Түркістан облысы Бәйдібек ауданы Боралдай ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 16 мамырдағы № 34 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 мамырда № 5054 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Бәйдібек ауданы Боралдай ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 11 шілдедегі № 46 шешімімен

**Ескеरту. Күші жойылды - Түркістан облысы Бәйдібек ауданы Боралдай ауылдық округі әкімінің 11.07.2019 № 46 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Түркістан облыстық аумақтық инспекциясы Бәйдібек аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 82 ұсынысы негізінде және жануарлардың жүқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Боралдай ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Боралдай ауылдық округі Боралдай елді мекені Қ.Бердиев көшесінің тұрғыны Шауенов Мұрат Жақыпбекұлын тістеген мысықтың құтырық ауырумен ауыруына байланысты Боралдай елді мекені Қ.Бердиев көшесінің аумағына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Боралдай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіpte:

- 1) осы шешімді аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына, Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Бәйдібек ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Боралдай ауылдық округінің әкімі*

*A. Токтамысов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК